



● СЕССИЯ

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ Е.МАХМУТОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖИЫРМА ҮШІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН БІРГЕ АУДАН ӘКІМІ Ғ.НИЯЗОВ, АУДАНДЫҚ АРДАҒЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ С.ӘНЕС, АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ Қ.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, АУЫЛ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, ДЕРБЕС БӨЛІМДЕРДІҢ, МЕКЕМЕ-КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ТӨЛ БАСЫЛЫМ төрге шыққан күн



Маңғыстау аудандық Мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №17/126 «2025–2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы, сонымен қатар, тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар сандарының тізбесін айқындау мәселесі талқыланып, ұсынылған нұсқа депутаттардың қолдауына ие болды. Бұдан бөлек, 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №17/134 «2025–2027 жылдарға арналған ауылдардың, ауылдық округтердің бюджеттері туралы»

шешіміне өзгерістер енгізу туралы қаралып, тиісті түзетулер мақұлданды. Жиын соңында аудан әкімі Ғ.Ниязов сөз сөйлеп, аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстардың жалпы барысы, әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы жоспарлар, сондай-ақ алда орындалатын бірқатар міндеттер жөнінде кеңінен ақпарат берді.

Сессия соңында аудан әкімі мен аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық маслихат аудандық қоғамдық кеңес төрағалары бастап, ауыл әкімдері, депутаттар, бөлім басшылары қостап

бір ауыздан «Жаңа өмір» газетіне жылға жазылды. Бұл – жай ғана жазылу емес. Бұл – «Халық айтса, қалып айтпайды» дегенді ұстанған биліктің қоғам үнін естиміз, жергілікті мәселені назарда ұстаймыз дегені еді. Жергілікті басылымды қолдау арқылы олар қоғамның өзекті мәселелерін бақылаудан тыс қалдырмайтынын тағы бір мәрте көрсете білді. Аудан әкімі Ғ.Ниязов бұл бастама алдағы уақытта да жалғасатынын, газетті қолдау-өңірдің айнасы-баспасөздің беделін қолдаумен тең екенін атап өтті.

● САЛБУРЫН – 2025

Құсбегілікті паш еткен мереке

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ КӨНЕ ДӘСТҮРІ – САЯТШЫЛЫҚ ПЕН ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУҒА АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ «САЛБУРЫН–2025» ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ШАРАСЫ ӨТТІ. БИЫЛҒЫ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ҚАЗАҚТЫҢ АҢШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ҚҰСБЕГІ ЕРТІС ЕСЖАНОВТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ.

Ұлттық рухты көтерген мереке Отпан таудың етегінде ұйымдастырылды. Таулы өңірдің табиғаты мен көрінісі салбырынның тарихи мәнімен үйлесім тауып, қатысушыларға ерекше атмосфера сыйлады. Дәстүрлі шараға Маңғыстау өңірінің құсбегілерімен қатар Атырау және Ақтөбе облыстарынан келген саятшылар да қатысып, өз өнерін көпшілікке



таныстырды. Этнографиялық жиын барысында құсбегіліктің тарихы, оның халқымыздың өмір салтындағы орны, аңшылықтағы ерекшеліктері кеңінен түсіндірілді.

Саятшылық – қазақтың табиғатпен етене байланысын, аңға шыққанда ерлік пен ептілікті үйлестіре білетін өмір философиясын көрсететін құндылық. Осы мақсатта ұйымдастырылған шара жас ұрпаққа ұлттық өнерді паш ету, ұмыт бола бастаған дәстүрлерді жаңғырту

тұрғысынан үлкен маңызға ие. Мерекелік бағдарламаның ең қызықты бөлігі – құсбегілердің шеберлік көрсетілімдері болды. Қолға үйретілген бүркіт, қаршыға, ителгі және басқа да қырандар көктің төрінде қалықтап, өздерінің ептілігі мен алғырлығын дәлелдеді. Құсбегілер қыран құсты баптау, тәрбиелеу, аңға салу сынды ұлттық өнердің қыр-сырын көпшілікке көрсетті. Көрермендер ерекше қызығушылық танытып, саятшылық дәстүрінің әр кезеңін тамашалады.

Шараға қатысқан ақсақалдар саятшылықтың қазақ қоғамындағы тарихи рөлі туралы әңгімелеп, жастарды ұлттық дәстүр мен өнерді қастерлеуге шақырды. Сонымен қатар, өңірлік туристік әлеуетті арттыруға үлес қосатын мұндай мәдени шаралардың тұрақты түрде өтуі маңызды екені айтылды. «Салбырын–2025» этнографиялық мерекесі Отпан таудағы ұлттық бірлікті, салт-дәстүр сабақтастығын және қазақтың рухани байлығын дәріптеген мәнді жиын ретінде көпшіліктің көңілінен шықты.

Бетті дайындаған
А.РАХМЕТОВА.

● ЖАҢА НЫСАН

АУЫЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

ӨТКЕН АПТАДА ТҮЩЫҚҰДЫҚ АУЫЛЫНДА ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ.

Ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, облыс әкімінің орынбасары Тілек Жеткізгенұлы және аудан әкімі Ғалымжан Ниязов қатысты.

Жаңа бекет заманауи стандарттарға сай бой көтеріп, ауылдағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайларда дер кезінде көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Жалпы аумағы 960 шаршы метрді құрайтын аймақта орналасқан нысанның өзі 204 шаршы метр. Ғимарат ішінде екі өрт көлігіне арналған гараж, қызметкерлерге арналған жұмыс және демалыс бөлмелері, санитарлық тоараптар және қажетті инфрақұрылым бар. Мұнда 8 қызметкер тәулік бойы кезекшілік атқарады.

Салтанатты іс-шарада министр Шыңғыс Әрінов жаңа нысанның ашылуы өңірдегі төтенше жағдайлар қаупін азайтуға, алдын алу шараларын күшейтуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Ол сондай-ақ, ауыл тұрғындарын қауіпсіздік мәдениетіне назар аударып, жастарды құтқару қызметі саласына қызықтырудың маңыздылығын да көтерді. Ал, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серіғбай Әнес бұл нысанның ашылуын ауыл халқының өмір сапасын арттыратын маңызды әлеуметтік қадам ретінде бағалады.

Айта кету керек, облыс бойынша қолға алынған 8 өрт сөндіру бекетінің төртеуі Маңғыстау ауданы аумағында салынып жатыр. Тұщықұдықтан бөлек, Ұштаған, Сайөгес және Қызан ауылдарындағы нысандарда құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын.



● БҮГІНГІ САНДА

БОЛАШАҚҚА БАЛТА ШАБАР БҮ



ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА БІР РЕТТІК ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ МЕН «КАРЬ» АТАУЫ КЕҢ ТАРАЛЫП БАРАДЫ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖАРНАМАНЫҢ ҰҚПАЛЫ МЕН БАҚЫЛАУДЫҢ АЗДЫҒЫ — БҮЛ ӘДЕТТІҢ ЖЫЛДАМ ЕТЕК АЛУЫНА ЖОЛ АШЫП ОТЫР. МАМАНДАРДЫҢ ПІКІРІ — ОСЫ МАТЕРИАЛДА.

→ 2-бетте

ЖАРМЫШТЫҢ ҚАДІРЛІ АНАСЫ

ЖАРМЫШ АУЫЛЫНДА ҒҰМЫРЫН БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АРНАП, БІР ӘУЛЕТКЕ БӘЙТЕРЕК БОЛҒАН ҚАДІРЛІ ЖАН — ҚЫМБАТ АЛДАҚОВА ТУРАЛЫ ЖҮРЕКЖАРДЫ СЫР.

→ 3-бетте





● ӨЗЕКТІ

ЖҰМЫСТА АПТАЛЫҚ ГАЗЕТТІҢ АҚПАРАТТАРЫН ЖИНАП ОТЫРҒАН СӘТІМДЕ, ТЕЛЕФОНЫМА ХАБАРЛАМА КЕЛІП ТҮСТІ, АТА-АНАЛАР ТОБЫНАН ЕКЕН. САУАЛНАМА ДЕГЕН СОҢ, НЕ ЖӨНІНДЕ ЕКЕН ДЕП АПШАМ, «ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА КЕҢІНЕН ТАРАЛҒАН ҚАРБ» ТУРАЛЫ ДЕГЕН ТАҚЫРЫПҚА КӨЗІМ ТҮСТІ.

БОЛАШАҚҚА БАЛТА ШАБАР БУ

Иә, соңғы кездері жастар арасында бір реттік электронды темекілерді, «көңілді газ» атауымен танымал «карбтарды» қолдану жиілеп бара жатырғанын естіп жүрміз. Сатылымдағы қолжетімділігі, түрлі хош иісі және ықшам дизайны бұл өнімдердің жас буын тарапынан қызығушылығын арттырып, қоғамда аландаушылық тудырып отырғаны рас. Телефоныма келген сауалнама да, бала әрекетін бақылауға, зиянды әдеттен аулақ болуды насихаттауға негізделген екен.

«Ауруын жасырған өледі» демекші, жұмысбасты болып, кейде, «баламыз немен айналысып жүр?» деген сауалды бір шетке ысырып жатамыз. Үйдегі «сыпайы» әрекетін алға тарып, өзімізді «артық қылығы жоқ» деп алдаусыратқымыз келеді. Бірақ, бүгінгі қоғамдағы қауіп, шындыққа тура қарауға шақырады.

Әлеуметтік желілердегі электронды темекіні, карбты сәндік элемент ретінде көрсететін бейнематериалдардың көптігі жасөспірім сана-сына тез әсер етеді. Арзан бағамен жасырын сатылым жасау да бұл әдеттің кең таралуына ықпал етуде. Ал, сол бір сәттік қызығушылық үшін пайдаланған «түгіннің» салдарын бірі білсе, бірі білмес. Журналистік зерттеуімді нақтылай түсу үшін аудандық аурухананың нарколог дәрігері **Сәулет Төлемісоваға** бір-екі сауал жолдадым. Оның айтуынша: «Бір реттік электронды темекілердің құрамындағы никотиннің мөлшері дәстүрлі темекіден бірнеше есе жоғары болуы мүмкін. Бұл жасөспірім организмi үшін айтарлықтай қауіпті. Никотин орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне, зейіннің шашырауына және тәуелділіктің жылдам қалыптасуына әкеледі. Электронды темекі буында кездесетін химиялық заттар өкпе тіндеріне зиян келтіріп, тыныс алу жолдарының созылмалы қабынуына себеп болуы мүмкін. Жүрек-қан тамыр жүйесіне түсетін жүктеменің артуы бас айналу, жүрек соғысының жиілеуі және жалпы әлсіздік сияқты белгілердің пайда болуына әсер етеді», - дейді.



Аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің ювеналдық полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны **Нұрлан Нухиев**: «Бүгінгі таңда аудан көлемінде мұндай газдарды пайдаланып, ұсталғандар туралы дерек жоқ, бірақ электронды темекі пайдаланған мектеп оқушылары туралы деректер бар. Өзім мектеп оқушыларымен тікелей жұмыс жасайтын маман болғандықтан 9-11 сынып оқушылары арасында осындай өкінішті жағдайлардың кездесетіні қынжылтатыны



рас. Жоғарыда айтып өткенімдей электронды темекі пайдаланғаны үшін ҚР Әкімшілік Кодексінің 27 баптың 1 бөлімі бойынша жасөспірімнің ата анасына 39 мың теңге айыппұл салынып, ескерту беріледі, егер осы әрекетін тағы қайталайтын болса аудандық сотқа деректері

жіберіледі. Баланың көп уақыты үйде өтетіндіктен, ата-аналар тарапынан, әсіресе әке тарапынан көп бақылау керек. Мектепте де мұғалімдер оқушылардың оғаш әрекеттеріне көз жұма қарамай, бірлесіп жұмыс жасау осындай әрекеттердің алдын алар еді», - дейді.

Ейшуақұлы атындағы мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары **Салтанат Аттыбаева**: «Көп жағдайда жасөспірімнің мұндай зиянды әдеттерге баруына бірнеше сыртқы факторлар әсер етуі мүмкін. Мәселен, қатардан қалмау, қызығушылық, бір рет пайдаланып көрейін деген секілді сылтаулар оларды тәуелділікке итермелейді. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерге мұндай нәрселерді насихаттайтын ақпараттар көп. Мектебімізде бұл зиянды нәрселерді пайдаланып ұсталған оқушылар жоқ. Болмай-ақ та қойсын. Бірақ, бұл бейқам отыру керек деген сөз емес. «Сақтансаң сақтармын» дегендей ата-ана, мектеп инспекторы, мектеп психологі қосылып кешенді жұмыстар жүргізіп келеміз», - деп жауап айтты.



Жоғарыдағы мамандардың пікірінше, жастар арасында электронды темекі қолданудың алдын алу кешенді түрде жүргізілуі қажет. Біріншіден, мектептерде профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, оқушыларға никотиннің әсері, электронды темекінің құрамындағы зиянды заттар және организмге келтіретін зиян туралы ақпарат беру маңызды. Екіншіден, ата-аналарға арналған кездесулер, тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Баланың мінез-құлқындағы өзгерісті ерте байқау және қолдау көрсету – тәуелділіктің алдын алудың тиімді жолы. Үшіншіден, электронды темекі сататын орындарға бақылау шараларын күшейтіп, заң талаптары бұзған сатушыларға жауапкершілік шараларын қолдану ұсынылады. Төртіншіден, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге қатысу мүмкіндігін кеңейту де осы мәселеге оң әсерін тигізеді.

Жасөспірімдердің зиянды нәрселерді қолдануы тек денсаулыққа зиян келтіретін әдет қана емес, жас буының болашағына төнген қауіп. Сол себепті бұл құбылыспен күресу – қоғамның ортақ міндеті.

А.РАХМЕТОВА.

● ЗОР БАЙЛЫҚ



КЕЙБІР АЗАМАТТАР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨЛЕМІ (ТМККК) ЖӘНЕ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ (МӘМС) АЯСЫНДА АЛУҒА БОЛАТЫНЫН БІЛМЕЙДІ. АЛ ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ АРҚЫЛЫ КӨПТЕГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ АЛЫП, ҚАРАЖАТТЫ ҮНЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ. ОСЫ ЖАЙЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облысы бойынша филиалында емханаңызды білудің қаншалықты маңызды әрі тиімді екенін тағы бір мәрте еске салады. «Азаматтардан келіп түсетін өтініштердің басым бөлігіне зер салсақ, олардың көпшілігі қай қызметтердің сақтандырусыз көрсетілетінін, қайсысы МӘМС пакетіне кіретінін білмейді. Шын мәнінде емханада профилактикалық тексеруден бастап күрделі операцияларға дейін көптеген қызмет түрін алуға болады. Егер өз құқығыңызды біліп, тіркелген емханаңызға жүгінсеңіз, мұның бәрі тегін көрсетіледі», - деді филиалда. Қайда бару керек? Медициналық қызметтерді пайдалану үшін ең алдымен өз емханаңызды және учаскелік дәрігеріңізді білу маңызды. Егер сіз бұрын-соңды емханаға бармаған болсаңыз, тіркелген медициналық ұйымды eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен немесе eGov Mobile мобильді қосымшасынан біле аласыз. Кейбір өңірлерде (мысалы, iKomek) анықтама қызметтері бар, олар сіздің тұратын мекенжайыңызға

сәйкес келетін медициналық ұйымды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл туралы өңірлік денсаулық сақтау басқармаларынан да кеңес алуға болады. Айта кетейік, қажет болған жағдайда – жылына екі рет өз қалауыңыз бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жерді ауыстыруға байланысты немесе тіркеу кампаниясы кезінде емхананы ауыстыруға болады (толығырақ <http://zan.gov.kz/client/#1/doc/148575/rus>). Бұл қызмет eGov.kz порталы арқылы көрсетіледі. Бұл – негізгі минимум қайсы емханаға тіркелгеніңізді білген соң, сол жерге жүгініп, қажетті медициналық көмекті ала аласыз. Әр тіркелген азамат жыл сайын өз емханасында профилактикалық тексеруден өтуге құқылы. Бұл ауруларды ерте кезеңде анықтауға және денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді. Ең алдымен – флюорография. Ол өкпе ауруларын ерте анықтау үшін жылына бір рет жасалады. Сонымен қатар, жыл сайын дәрігерге дейінгі тексеру кабинетіне бару қарастырылған. Егер сіз медициналық ақпараттық жүйенің мобильді қосымшасын пайдалансаңыз,

учаскелік дәрігерге жазылмас бұрын осындай кабинетке бару қажеттілігі туралы хабарламалар алып жүрген боларсыз. Бұл кабинетке жолдама да, алдын ала жазылу да қажет емес, қызмет көрсету әдетте кезекпен жүзеге асырылады. Әйелдер міндетті түрде алдын ала қаралу кабинетіне баруы керек. Онда профилактикалық тексеру жүргізіліп, шағымдар туралы сұралады, онкоцитологияға жағынды алынады және жалпы әйелдердің денсаулық жағдайы бағаланады. Сонымен бірге жасына байланысты ерлер мен әйелдерге, шағымның бар-жоғына қарамай көрсетілетін маңызды медициналық қызметтердің бірі – скринингтік тексерулер. Олар жүрек-қан тамырлары, онкологиялық және басқа да ауруларды ерте кезеңде анықтауға бағытталған. Айта кетерлігі, осындай тексерулерден тұрақты түрде өту мәселелерді уақытылы анықтап, асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облысы бойынша филиалы.

● ҚАУІП

КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНАН УЛАНУ — ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН, АҒЗАҒА ОТТЕГІНІҢ ЖЕТІСПЕУІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨТЕ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙ.

УЛЫ ГАЗДЫҢ ҚАТЕРІ



Бұл улану көбінесе жабық бөлмелерде, желдетуі нашар орындарда, пеш немесе автокөлік қозғатқышы жұмыс істеген кезде пайда болады. Көмірқышқыл газы (СО) — иіссіз және түссіз болғандықтан, адам оны сезбей қалады, сондықтан улану байқалмай, тез дамуы мүмкін.

Уланудың себептері:

- Пеш, камин, газ қазандығы немесе жылытқыштардың дұрыс орнатылмауы мен ауа тарту жүйесінің бұзылуы;
- Автокөліктің жабық гаражда ұзақ уақыт жұмыс істеуі;
- Көмір, ағаш немесе газбен жылытылатын үй-жайларда желдетудің жеткіліксіздігі;
- Өндірістік нысандарда қауіпсіздік талаптарының сақталмауы.

Уланудың бастапқы кезеңінде әлсіздік, бас айналу, бас ауруы, жүрек айну, терінің бозаруы, ұйқышылық байқалады. Ал, орташа кезеңде жүрек қағысының жиілеуі, тыныстың тарылуы, құсу, естен тану болуы мүмкін. Ауыр жағдайда: адам есінен айырылады, тыныс алу тоқтап, жүрек қызметі бұзылады. Мұндай жағдайда шұғыл медициналық көмек қажет. Мұндай асқынулардың алдын алу үшін, пеш, қазандық сияқты жылу көздерін тұрақты түрде тексеріп отыру, бөлмені жиі желдету, газ және түтін шығару жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалау, автокөлікті жабық гаражда ұзақ қоспау, арнайы газ детекторларын орнату керек. Ал, егер адам көмірқышқыл газымен уланған болса:

1. Науқасты дереу таза ауаға шығару;
2. Киімін шешіп, тыныс алуына мүмкіндік жасау;
3. Дәрігер келгенше жылы жауып, тыныштық сақтау;
4. Тыныс алуы мен жүрек соғысын тексеріп, қажет болса жасанды тыныс алдыру (жүрек-өкпе реанимациясы) жасау.

Көмірқышқыл газынан улану – көзге көрінбейтін, бірақ өте қауіпті жағдай. Сондықтан әр азамат өз қауіпсіздігіне жауапты болуы тиіс. Пеш пен жылу құрылғыларын қадағалау, бөлмені жиі желдету, қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау – өміріңізді сақтап қалуы мүмкін.

И.ӨМІРБАЕВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

● ӨНЕГЕ

ЖАРМЫШТЫҢ ҚАДІРЛІ АНАСЫ

ЖЕР БЕТІНДЕ ҚАНША АДАМ ТІРШІЛІК ЕТІП ЖАТСА, СОНЫҢ БӘРІ БАҚЫТТАН ДӘМЕЛІ. АДАМЗАТТЫ ТАБЫНДЫРҒАН СОЛ «БАҚЫТ» ДЕГЕН НЕ СОҢДА? ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕГІДЕЙ КҮНІ – ТҮНІ БҮЛБҮЛ КҮСЫ САЙРАҒАН, ҒАЖАЙЫБЫ КӨҢІЛІНДІ БАУРАҒАН, ЖАЙІЛЫЛЫҒЫ ЖАНЫҢДЫ ШУАҚҚА БӨЛЕЙТІН ТАҢҒАЖАЙЫП МЕКЕН БЕ, ӘЛДЕ САЯСИ ҒҰМЫРДЫ ҰЗАРТЫП, МӘҢГІЛІК ТЫНЫШТЫҚҚА БӨЛЕЙТІН ӨМІР АҒАШЫ МА?... НЕ ЕКЕНІН БІЛМЕЙМІН, ӘЙТЕУІР АДАМ БІТКЕННІҢ БӘРІ СОҒАН ЫНТЫЗАР. ОЛ ТУРАЛЫ НАҚТЫ ТҮСІНІК ТЕ ЖОҚ, ӘРКІМНІҢ ОҒАН ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ДА САН ҚИЛЫ.



● МАҚТАНЫШ

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ЖҮРІП-АҚ ТАЛАНТЫМЕН ДЕ, АЛҒЫРЛЫҒЫМЕН ДЕ КӨПТІҢ НАЗАРЫН АУДАРТҚАН БІЛІМДІ, АЛҒЫР ОҚУШЫЛАР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ – БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫ МЕН ЕҢБЕКСҮЙГІШТІГІ АРҚЫЛЫ ӨЗГЕЛЕРДЕН ОЗА ШАУЫП ЖҮРГЕН Б.ЖҰМАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ 9-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ЖАНЕЛЬ ЖАЙЫҚ.

ДУБАЙДАН ЖЕҢІМПАЗ

Жуырда ғана Дубай қаласында өткен ағылшын тілі олимпиадасына әр түрлі мемлекеттен келген оқу озаттарынан оқ бойы оза шауып, Іорын алған жас талант Жанель - мектеп мақтанышы. Алғаш мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, сабағын тек «5» деген бағамен оқыған ол, 9-сыныпты үздік аттестатпен бітіруге үмітті «Білімімен мыңды жыққан» Жанельге «алған ең үлкен марапатың қандай?» деп сұрағанымызда: «Менің әр сыныпты үздік оқушы деген атпен аяқтауым, мен үшін ең үлкен жетістік. Осы күнге дейін мектепішілік және аудандық пән олимпиадаларында үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды иеленіп келдім. Бірақ шет елге шығып бақ сынау деген басқаша сезім екен. Мен сабақтан тыс уақытта ағылшын пәнінен «Rainseed оқу орталығы» қосымша сабақ аламын. Асел апайымыз былтыр, алғаш рет Батуми қаласына жарысқа апарғанда қатты қобалжыдым. Шет елге шығамын деген ой мүлде болмапты. Ол жарыстан ІІ орын иелендім, бірақ шын қуандым, өйткені қобалжу өте қатты болды. Қаншама мықты қарсыластарыма төтеп беріп, орын алу оңай болмады. Ал, биыл Дубай қаласындағы жарысқа барасың дегенде өте қатты қуандым, себебі әр жарыс маған өз әсерін қалдырып, тәжірибе жинақтауға мүмкіндіктер тудырады. Қалайда орын аламын деген ұстаныммен күні түні дайындалдым, нәтижесінде І орын алып, қуандым», - дейді мектеп мақтанышы. Алдағы уақытта да білімін шыңдап, үлкен жарыстарға қатысып, аудан атын асқақтатуға ниетті екенін жеткізді Ж.Жайық.

Осындай алғыр да талапшыл оқушылардың болуы – мектеп үшін үлкен мәртебе. Жас буынға үлгі болатын оқушының табыстары білім ордасының да мерейін үстем ететіні анық.



А.РАХМЕТОВА.

Жаңылсын СҮЙІНҒАРАЕВА,
Жармыш ауылы.

● СЕМИНАР

АДАЛДЫҚ – ТӘРБИЕ КЕПІЛІ

ЖУЫРДА МАҢҒЫСТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕ ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ БАС ҚОСҚАН МАҢЫЗДЫ ШАРА «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТ КҮНДІЛІКТЕРІН ДАМУДАҒЫ «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РӨЛІ» АТТЫ СЕМИНАР ӨТТІ. ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ РУХ, АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАРЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ.

Семинар Маңғыстау облыстық білім беруді оқу-әдістемелік орталығы бекіткен жоспар аясында ұйымдастырылды. Бағдарлама бірнеше бағытты қамтыды: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнын талқылау, колледж оқытушылары мен тәрбие саласы мамандарының тәжірибе алмасуы, жасанды интеллект құралдарын оқу үрдісінде қолданудың тиімді жолдарын тәжірибе арқылы меңгеру; ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы жаңа тәсілдер жөнінде пікір алмасу. Семинар барысы пленарлық бөлім және практикалық алаңдар форматында өтті. Қатысушылар бірқатар жаңа тәсілдерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігін қарастырды. Әсіресе жасанды интеллект құралдарын

сабақта, тәрбие сағаттарында және жобалық жұмыстарда пайдалану бойынша нақты мысалдар көрсетілді. Мамандар «Адал азамат» бағдарламасының мазмұнын іске асыруда – студенттердің құндылықтық бағдарын арттыру, адалдық, жауапкершілік, тәртіп сияқты қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық рухани болмысты дәріптеу бағыттары айқындалғанын атап өтті. Оқу орындары арасындағы тәжірибе алмасу қатысушыларға жаңа идеялар алуға мүмкіндік берді. Шара аясында музей қызметкерлері «Ұлы дала абызы - Әбіш Кекілбайұлы, «Аңтына адал жан - Естөре Ораззақов туралы көрме таныстырылымын өткізді. Семинарға қатысқан педагогтер цифрлық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті дұрыс қолдану білім сапасын арттырып, студенттердің қызығушылығын оятатынын айтты. Ұлттық тәрбиені заманауи әдістермен ұштастыру – бүгінгі күн талабы екендігі сөз болды. Алдағы уақытта «Адал азамат» бағдарламасының әдістемелік сүйемелдеуін күшейту, колледждер арасындағы өзара байланыс пен ортақ жобаларды көбейту жөнінде Іс шара педагогтер үшін мазмұнды алаңға айналды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен адалдыққа тәрбиелеу бағытындағы бастамаларды жетілдіру – ортақ міндет екені айқындалды. Семинар барысында түйінделген ұсыныстар мен тәжірибелер облыс колледждерінің тәрбие үдерісінде қолданыс табатыны сөзсіз.

М.ЖЕБЕКҒЫЗЫ.





ӨНЕР

Сахнадағы жаңа леп

ӨНЕР ЖОЛЫНДА ТАЛАНТЫМЕН ТАНЫЛЫП, ӨЗ ОРНЫМЕН ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАС ӨНЕРПАЗ АЙДЫН НҮРЛАНҰЛЫ.

Ол 2005 жылы Шетпе ауылында дүниеге келген.

2020 жылы М.Атымов атындағы мектепті қызыл аттестатпен бітіреді. Жастайынан дәстүрлі өнерге қызыққан Айдыңның ынтасын байқаған ата-анасы оны аудандық өнер мектебінде, дәстүрлі ән бөліміне оқуға береді. Жетекшісі Гүлсинай Еркінбаеваны тәлімін алған жас талант,

мектепті бітіргесін Маңғыстау өнер колледжіне «домбырамен ән салу» бөліміне оқуға түседі. 2024 жылы қолына дипломын алған жас маман, өзі білім алған аудандық өнер мектебіне бөліміне мұғалім болып жұмысқа орналасады. Осы жылдан бастап, «Өрлеу» МКҚК мекемесіне мәдени ұйымдастырушы болып қызмет атқарып келеді.

Жас болса да, сахна мәдениетін терең меңгеріп, домбырамен ән айту шеберлігімен көпшіліктің ықыласына бөленіп жүрген А.Нұрланұлы кешегі өткен «Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестивалінде «Жыр» номинациясы бойынша жүлделі 3 орынға ие болады. Әншілік қырымен қатар, домбыраның қоңыр әуесін шебер үйлестіре білген жас талант көрермендердің жүрегіне жол тауып үлгерді.



Өріптестері Айдыңның еңбекқорлығын, жауапкершілігін, ізденімпаздығын ерекше атап өтеді. Әр әнді жан-тәнімен орындап, сахнаға деген құрметімен дараланатын ол болашағынан зор үміт күттіретін жас өнер иесі. Жас таланттың алдағы мақсаты — ұлттық өнерді жаңа деңгейде дәріптеп, үлкен сахналарда ел абыройын арттыру. Өнерге деген сүйіспеншілігі мен талпынысы оны биік белестерге жетелейтіні сөзсіз.

А.НОҒАЙХАН

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Кен-Сары» ЖШС Арыстановское кен орны жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды: «Арыстан кен орнындағы жобалық тереңдігі 3100 м №№ 603, 607, 608, 609, 611, 612, 613, 614, 615, 616, 617, 618, 619, 620, 621, 622, 623, 624, 625, 626 өндіріші ұңғымалардың құрылысына арналған топтық техникалық жобаға» арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және оған қоса берілетін Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Жабдықталатын ұңғымалардың географиялық координаттары:
№603 — 44.433396° / 54.105772°; №607 — 44.431380° / 54.114416°; №608 — 44.439840° / 54.103000°; №609 — 44.440600° / 54.101884°; №611 — 44.443336° / 54.101128°; №612 — 44.451080° / 54.856760°; №613 — 44.444740° / 54.924480°; №614 — 44.443120° / 54.831200°; №615 — 44.441320° / 54.954720°; №616 — 44.424752° / 54.105160°; №617 — 44.733762° / 54.118301°; №618 — 44.730507° / 54.124255°; №619 — 44.728738° / 54.145366°; №620 — 44.720994° / 54.156589°; №621 — 44.711653° / 54.170852°; №622 — 44.713134° / 54.183694°; №623 — 44.701287° / 54.169191°; №624 — 44.699092° / 54.174295°; №625 — 44.698494° / 54.198026°; №626 — 44.704697° / 54.199455°.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылдық округі, Сайөтес ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты.
Өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылдың 08 қаңтар, сағат 10:00.
Онлайн қосылу үшін белсенді сілтеме:
<https://us06web.zoom.us/j/83795193244?pwd=1vs5MT0aOata9aKcJzB91lvGQwRdY8J.1>
Конференция идентификаторы: 837 9519 3244 Кіру коды: 1EYJ2c
Бастамашы, жобаға тапсырыс беруші: «Кен-Сары» ЖШС 17 ш-а, 39-ғимарат, БИН 010 740 000 600, тел: 8 (7292) 202021.
Жобаны зерттеуші: «Оптимум» жобалау институты» ЖШС, БИН 000740000123, тел: +77292 544 050 (177), e-mail: mtekemurat@orm.kz

Жобалық құжаттама пакетімен сайтта танысуға болады www.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>
Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірінші экологиялық порталда орналастырылады www.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ электронды мекен-жайы бойынша: sbazarbay@mangystau.gov.kz

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ООО «Кен-Сары» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту месторождения Арыстановское. Раздел «Охрана окружающей среды» к «Групповому техническому проекту на строительство добывающих скважин №№ 603, 607, 608, 609, 611, 612, 613, 614, 615, 616, 617, 618, 619, 620, 621, 622, 623, 624, 625, 626 на месторождении Арыстановское проектной глубиной 3100 м» и План мероприятий по охране окружающей среды к нему.

Географические координаты скважин:
№603 — 44.433396° / 54.105772°; №607 — 44.431380° / 54.114416°; №608 — 44.439840° / 54.103000°; №609 — 44.440600° / 54.101884°; №611 — 44.443336° / 54.101128°; №612 — 44.451080° / 54.856760°; №613 — 44.444740° / 54.924480°; №614 — 44.443120° / 54.831200°; №615 — 44.441320° / 54.954720°; №616 — 44.424752° / 54.105160°; №617 — 44.733762° / 54.118301°; №618 — 44.730507° / 54.124255°; №619 — 44.728738° / 54.145366°; №620 — 44.720994° / 54.156589°; №621 — 44.711653° / 54.170852°; №622 — 44.713134° / 54.183694°; №623 — 44.701287° / 54.169191°; №624 — 44.699092° / 54.174295°; №625 — 44.698494° / 54.198026°; №626 — 44.704697° / 54.199455°.

Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Мангистауский район, Сайотесский с.о., с.Сайотес, здание Дома культуры.
Дата и время проведения: 08 января 2026 года в 10:00 часов.
Активная ссылка для онлайн – подключение:
<https://us06web.zoom.us/j/83795193244?pwd=1vs5MT0aOata9aKcJzB91lvGQwRdY8J.1>
Идентификатор конференции: 837 9519 3244 Код доступа: 1EYJ2c
Инициатор, намечаемый деятельности Заказчик проекта: ООО «Кен-Сары», 17 мкр., зд. 39. БИН 010 740 000 600, тел: 8 (7292) 202021.
Разработчик проекта: ООО «Проектный Институт «Оптимум», БИН 000740000123, тел: +77292 544 050 (177), e-mail: mtekemurat@orm.kz
С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте www.ndbecology.gov.kz, а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>
Все замечания и (или) предложения размещаются на едином экологическом портале www.ndbecology.gov.kz, а также по электронному адресу МИО: sbazarbay@mangystau.gov.kz

№508

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ 2025 ЖЫЛДЫҢ ОН АЙЫНДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ БОЙЫНША 192 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ТОЛЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ.

СӘЙКЕССІЗДІК ЖОЙЫЛДЫ

Қызмет алушылардың құқықтары өтініштер негізінде жүргізілген жоспардан тыс тексерулер, сұрау салулар, қашықтықтан бақылау нәтижелері және «EgovKzBot2.0» Telegram-боты арқылы қалпына келтірілді. Құқықтары қорғалған азаматтардың басым бөлігі жер қатынастары және сәулет-қала құрылысы салаларына қатысты мемлекеттік қызметтер бойынша өтініш білдірген. Жыл басынан бері Департаментке келіп түскен шағымдардың ішінде 17 жоспардан тыс тексеру, 22 сұрау салу арқылы қаралды. Нәтижесінде, дәлелденген шағымдар бойынша қызмет алушылардың құқығы толық қалпына келтірілді.

Мысалы, департаментке «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Маңғыстау облысы бойынша филиалы Ақтау қалалық ХҚКО арқылы тұрғын үйді жекешелендіру қызметін көрсету кезінде қағида талаптарының сақталмауына қатысты шағым түскен. Талдау барысында тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт бойынша бастапқы жарна мөлшері Қағидада 10 пайыз деп көрсетілгеніне қарамастан, ХҚКО-ның ақпараттық жүйесінде 30 пайыздық жарна талап етілгені анықталды.

Бұл сәйкессіздікті жою мақсатында департамент «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына ақпараттық жүйені қағида талаптарына сәйкестендіру жөнінде ұсыным енгізді. Нәтижесінде, жүйеге өзгерістер енгізіліп, тұрғынжай құнының 10 пайызы мөлшерінде жарна енгізу арқылы қызмет алушының өтінімі қабылданды. Жалпы, департаменттің араласуымен:

- 99 қызмет алушының құқығы – қашықтықтан бақылау нәтижесінде,
- 52 қызмет алушының құқығы – жоспарлы тексеру нәтижесінде,
- 8 қызмет алушының құқығы – Telegram-бот арқылы қалпына келтірілді.

Анықталған бұзушылықтар бойынша 39 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік шара қолданылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бұзушылықтарға тап болған азаматтар департаментке тікелей жүгінуіне немесе «EgovKzBot2.0» Telegram-боты арқылы шағым түсіруіне болады.

Мекенжай: Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, 71 ғимарат, 2-қабат

Токтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

2026 ЖЫЛҒА «ЖАҢА ӨМІР» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

ЖАЗЫЛУ ӘДІСТЕРІ	QazPost	«ҚАЗПОШТА» БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ «QAZPOST» ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ
	 	РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ «НАЛҰК» ЖӘНЕ «KASPI.KZ» ҚОСЫМШАЛАРЫ АРҚЫЛЫ

12 АЙҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

	Заңды тұлға	Жеке тұлға
Редакция арқылы	11 040 тг	5 520 тг
QazPost арқылы	15 582,36 тг	7 689,84 тг



ХАБАРЛАМА

«Маңғыстау ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық, мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» аудандық мәслихаттың шешімі жобасы аудан әкімдігі сайтында жарияланды.
Сілтемесі: <https://www.gov.kz/memleketentatiessakimat-mangistau-rayondocuments/details5925615lang-ka>

№509

МЕНШІК ИЕСІ:  МАҢҒЫСТАУ MEDIA Директор – Ануарбек БИМАҒАМБЕТ Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru	 ЖАҢА ӨМІР аудандық қоғамдық-саяси газет Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген. Редактор – Айгүл РАХМЕТОВА Тілші – М.ЖЕБЕҚЫЗЫ	Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Жетекші – Гүлнара ТАСБОЛАТОВА Беттеуші дизайнерлер – Шынар АЯЗБАЕВА, Асем РАБАЕВА. «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Моңғалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392. 	Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. Тапсырыс нөмірі: 1400 Таралымы: 244 Индекс: 65612 Газеттің бағасы келісімді	АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ 27 қараша түнде: +3 күндіз: +7 28 қараша түнде: +1 күндіз: +7 29 қараша түнде: -1 күндіз: +5 30 қараша түнде: 0 күндіз: +6 1 желтоқсан түнде: +1 күндіз: +7
---	---	---	--	--